

АНАТДП

Үлкөн Тәзептің

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Ұлттық таным білгірі



Қазақтың қабырғалы қаламгері Рахметолла Райымқұловтың 100 жылдығы үлкен республикалық деңгейде аталып өткені күні бүгінгідей есімде. Сол уақытта жазушының мерейтойына орай бірнеше іс-шара ұйымдастырылды. Алматыдағы Ұлттық кітапханада өткен конференцияны өзім жүргізіп, баяндама жасаған едім. Белгілі ғалым Құлбек Ергөбек екеуміз қаламгердің туған өлкесі Ташкент облысына барып қайттық. Қасымызда ағайындары болды. Сонда соншалықты жылы, мазмұнды, терең кездесулер өтті. Сол сапарда қазақ музыка өнеріне Ақтотыдай перзент сыйлаған, шырайлы шығармаларымен ұлттық әдебиеттен ойып тұрып орын алған Рахметолла ағамыз маңайына нұр шашқан адам болғанын білдік. Өкінішке қарай, ол кісіні өмірде көруді жазбады. Ал қаламгердің қосағы, түбі Баянауылдың қызы, көрнекті жазушы Зейін Шашкиннің қарындасы Мәқиза апамыз сондай жаны жайсан, сәулелі кісі еді. Адамды айналып, толғанып жүретін. «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» дегендей, өте ажарлы жан болатын. Әнді керемет салатын. Біз қатысқан кейбір тойларда қаламгер Мыңбай Рәш екеуі небір ария-ны орындағытын. ...Ташкент өңірінен оралғаннан кейін Ақтотының қайнатасы, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Ұзақбай Қараманов, әнші қарындасымыз Мақпал Жұнісова бәріміз той әсерлерін бөлістік.

Содан бері он жыл зуылдап өте шығыпты...

Енді жақында жазушының 110 жылдығы республикалық деңгейде атальп өтілмек. Бұл қаламгердің тойы ғана емес, халықтың тойы болатынына сенімдімін. Себебі шығармаларының қай-қайсысын алсаңыздар да, онда ұлттың жүргегі соғып, қазақтың жаны көрінеді. Рахметолла Райымқұловтың шығармалары көзі тірісінде-ақ әдебиеттанушылар мен сыншылардың жоғары бағасын алды. Аға буын, жазушының қатарлас-замандастары, кейінгі толқын інілері оның сөз өнерінің өрлеп, өркендеуіне үлкен үлес қосқаның қапысыз мойыннадады. Мәселен, әдебиет білгірі, сыншы, филология ғылыминың докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішев «Рахметолла Райымқұлов 50-70 жылдардағы қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан жазушы. Оның «Түйелі адам» повесі мен «Қара жорға» романы – қоғамдық өмірдің зәру мәселелерін қозғаған сүбелі туындылар» деп жазды. Ал Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Мағаун Рахметолла Райымқұлов үлттық таным, үлттық сипат түрғысынан қалыптасқан жазушы болғанын айта келе, үлттық санасы жоғары, шұрайлы қазақ тілін бойына сіңірген қаламгер екенін атап өткен. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевқа дейін қаламгердің шоқтығы биік туындыларының бірі «Түйелі адам» повесінің көркемдігін талдап, мақтауын асырған. Рахаң негізінен әдебиеттің проза, драма, сатира жанрларында сүбелі туындылар жазды. Өлең өлкесіне де аттың басын бұрып тұрды. Аударма саласына да атсалысты. Сонымен қатар әдебиеттің ғана емес, қазақ журналистикасының өрлеуіне де үлесін қосып кетті. Аудандық басылымнан бастап, республикалық газет-журналдарда қолтаңбасын қалдырды. Атап айтқанда, «Қазақстан әйелдері», «Жұлдыз» журналдары, «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде қызмет етті. Қазақ үлттық университетінде семинар жүргізіп, шәкірт тәрбиеледі. Полиграфия және баспасөз қызметкерлері кәсіподагы республикалық комитетінің төрағасы болып екі рет сайланды. Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы көркем әдебиетті насиҳаттау бюросы директорының орынбасары болды. Қат-қабат тіршіліктің арасында жазуын жазуды ұмытпады. Әңгімелері жинақталған алғашқы кітабы «Уәде» атауымен 1958 жылы жарық көрді. Бұдан соң екі жыл сайын кітаптары шығып жатты. Бұл майданда шыңдалған қаламгердің өнімді жазғанынан хабар береді. Кейін екі томдығы мен үш томдығы да шықты. Драмалық шығармалары әр жылдары Алматы, Қарағанды, Шымкент, Атырау қалаларындағы кәсіби театрларда және

республиканың көптеген көркемөнерпаздар үйымдарында қойылды. Жазушының әдебиеттің түрлі жанрларында жазған туындылары оқырман қауым мен сыншылардың көңілінен шығып жатты. Аударма саласында шығыс әдебиеті классиктерінің бірі Садриддин Айнідің «Бұқара» трилогиясының екі кітабын, Мирмухсиннің «Үміт» кітабын тәржімалады. Рахаңның өзінің де «Түйелі адам», «Көкжал», «Уәде», «Сүр көбелек» сынды көптеген шығармалары орыс тіліне аударылды.

Рахметолла Райымқұловты өмірде көрмесек те, қаламгердің шығармашылығы арқылы музыканы өте жақсы көргенін байқадық. Бұл 1962 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрген «Музыкалық байырғы аспаптар жайлы бірер сөз» мақаласынан аңғарылады. Онда жазушы шертер, шаңқобыз, жетіген, асатаяқ, дабыл, дауылпаз, шыңдауыл, даңғыра, сияқты халқымыздың төл аспаптары жайында жаза келе, оларды жинақтаудағы Болат Сарыбаевтың еңбегін ерекше атап өтеді.

Рахаң қызы Ақтотының да музыкант болуын жанымен қалаған. Ақтоты 1-1,5 жасқа келгенде ойыншық пианино, ойыншық домбыра, сырнайларды шаңырағына толтырып тастаған.

Перзентін би, ән, музыка үйірмелеріне де өзі апаратын. Алты жасында қызына пианино алып берді. Қаламгер достарына да «Менің құлым ән салады, музыка жазады» дейді еken. Кейіннен Ахмет Жұбанов атындағы музыка мектебіне берді.

Әке арманы орындалды, тектінің түяғы Ақтоты Рахметоллақызы белгілі композиторға айналды. Бұл өнер бойына әке қаны, ана сүтімен дарыды десек те болады. Жеті-сегіз жылдай Мәдениет және спорт министрлігінде еңбек етіп, министр дәрежесіне дейін жеткен Ақтоты осы салалардың өрлеуіне үлесін қосты. Қазір де алпыс жылдан аса тарихы бар, талай өнер майталмандары қызмет еткен, осы күндері де еңбек етіп жатқан Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік үйымының тізгінін үстап отыр. Ерекше атап өтерлігі, Рахметолла Райымқұловты Өзбекстан Жазушылар одағы қадірлейді. Қаламгерге Бостандық ауданының құрметті азаматы атағы берілді. Сол аудан орталығының үлкен көшесі Р.Райымқұлов көшесі деп аталады. Туған Қараманас ауылында да бір көше мен қазақ орта мектебіне оның аты берілген. Елімізде де қаламгерді елдің есінде қалдыратындей осындай шаралар қолға алынса, нұр үстіне нұр болар еді.